



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 9 желтоқсан

Банкноттар мен монеталарының ең үздік бейнеленуіне арналған балалар арасындағы конкурстың қорытындыларын шығару туралы

ҚР Ұлттық Банкі 2016 жылғы 7 қазан - 15 қараша аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу құрметіне, банкноттар мен монеталардың үздік бейнеленуіне арналған, 6 - 14 жас аралығындағы балалар арасында балалар суретінің конкурсын өткізді.

Балалар суреті конкурсының мақсаты ҚРҰБ, оның ішінде Банкнот фабрикасының және Қазақстан теңге сарайының қызметін танымал ету, балалардың білім деңгейін арттыру болып табылады.

Балалар суреттерінің конкурсына еліміздің барлық өңірлерінен барлығы 604 жұмыс келіп түсті.

Конкурстық комиссияның мүшелері тиісті жас санаттарында жеңімпаздарды анықтай отырып, конкурс қорытындыларын шығарды:

- **«Банкноттың ең үздік бейнеленуі»** номинациясында **6-10 жас:**

1-орын - Құндақбаева Жания 8 жас (Алматы қ.), 2-орын – Бердібай Аружан 8 жас (Алматы қ.), 3-орын Мударисова Хава 10 жас (Алматы қ.);

- **«Монетаның ең үздік бейнеленуі»** номинациясында **6-10 жас:**

1-орын - Славский Амир 7 жас (Алматы қ.), 2-орын - Бөрібай Іңкәр 6 жас (Алматы қ.), 3-орын - Овчинникова Маша 10 жас (Өскемен қ.);

- **«Банкноттың ең үздік бейнеленуі»** номинациясында **11-14 жас:**

1-орын - Сумароко Виктор 12 жас (Алматы қ.), 2-орындар - Рязинцева Анастасия 14 жас (Алматы қ.), Жужгин Роман 14 жас (Алматы қ.);

- **«Монетаның ең үздік бейнеленуі»** номинациясында **11-14 жас:**

1-орын - Акимова Ариана 12 жас (ШҚО, Өскемен қ.), 2-орын - Гардт Артур 13 жас (Алматы қ.); 3-орын - Абдрасилов Нұрлан 14 жас (ОҚО, Төле би ауданы, Леңгір қ.).

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 14 желтоқсанда Алматы қаласында ҚРҰБ ғимаратында 15.00-сағатта өтеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Сонымен бірге конкурстық комиссия 25 ең үздік жұмысты іріктеп алды, олар «Көрермендер көзайымы жүлдесі» номинациясында 2016 жылғы 8 - 13 желтоқсан аралығында одан әрі онлайн-дауыс беру үшін [ҚРҰБ-ның ресми Интернет-ресурсында](#) орналастырылды.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 330-24-97

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz